

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ САЛАЛАРЫН ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
28 ақпан 1994 ж. N 231. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964
қаулысымен.

ТМД елдерімен сауда-экономикалық байланыстардың үзілуі, қаржылық-есептеу операцияларының бұзылуы агроөнеркәсіп кешенін материалдық-техникалық жағынан, әсіресе қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етудің күрт нашарлауына әкеп соқтырды, бұл дала жұмыстарын уақытында жүргізуге қауіп төндіруде. Республика кәсіпорындары агроөнеркәсіп кешеніне керекті жалпы номенклатурадан қосалқы бөлшектердің 10 проценттен азын шығарады. Сонымен бірге республика кәсіпорындарының бірқатарында оларды шығарудың қол жеткен деңгейі төмендеуде.

Қалыптасқан жағдай барлық резервтерді пайдалануды және республика кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы техникасына, машиналар мен жабдықтарға шетелдік қосалқы бөлшектердің орнын алмастыратын бөлшектер шығаруды ұйымдастыру жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді.

Ауыл шаруашылығын қажетті қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Агроөнеркәсіп кешеніне арналған машина жасау жөніндегі Кеңес мақұлдаған агроөнеркәсіп кешені салаларын қосалқы бөлшектермен<*> қамтамасыз етудің Республикалық бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Ескерту. Текст бойынша әрі қарай - "Қосалқы бөлшектер"
б а ғ д а р л а м а с ы .

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, "Қорғау", "Крамдс" ұлттық акционерлік компанияларына, "Ақ жол", "Қазагрожөнмаш-холдинг", "Желдірме" мемлекеттік холдингтік компанияларына, "Кең дала", "Тоған" мемлекеттік акционерлік компанияларына, о б л ы с т а р д ы ң ә к і м д е р і н е :

аталған бағдарламаның N 2 және N 3 қосымшаларына сәйкес көлемде және номенклатурада агроөнеркәсіп кешені үшін 1994 жылы қосалқы бөлшектер шығару жөніндегі "Қосалқы бөлшектер" бағдарламасын жүзеге асыруды және

ескірген бөлшектерді қалпына келтіруді қамтамасыз етсін;
жаңа бұйымдар шығаруды меңгерген кәсіпорындарға конструкторлық-технологиялық құжаттамалармен қамтамасыз етуде, өндіріске әзірлеуге және материалдық-техникалық жабдықтауда көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы, "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы және облыстардың әкімдері:
шаруашылықтардағы ескірген бөлшектерді жинап, оларды жөндеу кәсіпорындарына беруді;

пайдаланған гильзаларды, поршеньдер мен подшипниктерді жинап, оларды шығарушы зауыттарға қайтадан балқытуға және қайта қалпына келтіруге тапсыруды ұйымдастырсын.

4. "Қазконтракт" республикалық контракт компаниясы, "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы және олардың аумақтық бөлімшелері бірінші кезекте кәсіпорындардың қосалқы бөлшектерді жасау үшін шикізатқа және материалдық ресурстарға деген өтінімдерін олар берген есеп айырысу-өтінімдеріне сәйкес қанағаттандырсын.

5. "Қосалқы бөлшектер" бағдарламасында көзделген қосалқы бөлшектер шығаруды игеру жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, "Қорғау", "Крамдс" ұлттық акционерлік компанияларымен, "Қазагрожөнмаш-холдинг", "Желдірме" мемлекеттік холдинг компанияларымен, "Кең дала", "Тоған" мемлекеттік акционерлік компанияларымен бірлесе отырып аталған бағдарламаның N 4 қосымшасына сәйкес қаражаттар іздестіру мәселесін қарайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы, "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Қосалқы бөлшектер" бағдарламасының N 5 және N 6 қосымшаларына сәйкес ТМД елдерінен сатып алынатын және республика кәсіпорындарында жасалатын қосалқы бөлшектерге төлем жасау үшін орталықтандырылған кредит қаржысын бөлуді пысықтасын және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне бұл жөнінде ұсыныс жасалсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика және Өнеркәсіп министрліктері 1994 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде республика кәсіпорындарында жылжыту (қосымша) подшипниктері мен іштен жану двигателдерінің газ тарату клапандарын жасауды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды қосымша қарап, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізетін болсын.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 28 ақпандағы
N 231 қаулысына
Қосымша

**Агроөнеркәсіп кешені салаларын қосалқы бөлшектермен
("Қосалқы бөлшектер" бағдарламасы) қамтамасыз
етудің**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

"Қосалқы бөлшектер" Республикалық бағдарламасы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық машиналарын жасауды қалыптастыру кезеңі болып табылады және республика өнеркәсіп орындарында бірінші қажеттегі жаңа бөлшектерді шығаруды ұйымдастыру арқылы агроөнеркәсіп кешенін (АӨК) ауыл шаруашылық техникасының қосалқы бөлшектерімен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатын көздейді.

Негізгі екі міндетті шешу жобаланып отыр:

Агроөнеркәсіп кешенін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуде сырттан келген өнімдерге тәуелділіктің төмендеуімен қатар өндірістік-техникалық мақсаттағы өз өнімдерінің үлесін арттыру; республикада бар өнеркәсіптік және конверсиялық құжаттардың ұтымды күштерін жүзеге асыру;

Бағдарлама мыналарды:

номенклатураны және 1248 атаудан тұратын (N 1 қосымша) қосалқы бөлшектер шығарудың қазіргі кезде республикада бар қажетті көлемдерін сақтауды;

560 түрлі бөлшектердің жаңа номенклатурасын шығаруды меңгеру және "Ақ жол", "Қазагрожөнмаш-холдинг", "Қорғау", Ішкі істер министрлігі мен басқа да ведомстволардың, компаниялар мен бірлестіктердің тапсырыстарын кәсіпорындарға орналастыруды (N 2 қосымша);

"Қазагрожөнмаш-холдинг" және "Кең дала" компанияларының кәсіпорындарында ескірген бөлшектердің көлемдері мен номенклатурасын бірте-бірте ұлғайта отырып қайта қалпына келтіретін өндірістік қуаттарды дамыту (N 3 қосымша) көздейді.

Бағдарлама мынадай есеп айырысу нәтижелерін:

республика кәсіпорындарының агроөнеркәсіп кешені үшін жаңа өнімдер шығаруды игеру барысында негізгі материалдық ресурстардың, қаржы құралдары мен кезеңдік инвестиция көлемдерінің қажеттілігін (N 4 қосымша);

1994 жылғы дала жұмыстарына техника даярлауды қамтамасыз етуді ескере отырып ТМД елдерінен қосалқы бөлшектер сатып алуға кеткен шығындарды (N 5 қ о с ы м ш а) ;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "Кең дала" компаниясының өнім сатып алуды кредиттеу қажеттілігінің көлемдерін (N 6 қ о с ы м ш а) қ а м т и д ы .

Бағдарламаны жүзеге асыру ауыл шаруашылығы өндірісінің техникалық деңгейін қолдауға, шетелдік материалдық-техникалық ресурстар мен валюта шығындарын беру тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді.

N 1 Қосымша

Агроөнеркәсіп кешені үшін Қазақстан Республикасы кәсіпорындары игеріп, шығаратын қосалқы бөлшектер саны
(Кесте)

N 2 Қосымша

1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасының өнеркәсіп орындарында агроөнеркәсіп кешені үшін жаңа қосалқы бөлшектер шығару К ө л е м і

(Кесте)

N 3 Қосымша

Агроөнеркәсіп кешені үшін 1994 жылы ескірген бөлшектерді қайта қалпына келтіру К ө л е м і

(Кесте)

N 4 Қосымша

1994 жылғы қосалқы бөлшектер шығаруды қайтадан игеру үшін қаржы қаражатына Қ а ж е т т і л і к

(Кесте)

N 5 Қосымша

1994 жылдың дала жұмыстарына қатысатын достастық елдерінен ауыл шаруашылығы техникаларына қосалқы бөлшектер сатып алуға керекті қаржылық ресурстарға деген Қажеттілік

(Кесте)

N 6 Қосымша

1994 жылы дайын өнімдер сатып алу үшін кредит қорларына Қажеттілік

(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ